

Р.К. САБИРОВА,¹

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор.

К.М. УТЕПКАЛИЕВА,¹

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор м.а.

С.О. КУРМАШЕВА,¹

Э.Ғ.М.

Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университеті¹

ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫғыНДАғы ЕҢБЕК НАРЫғыНЫң ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ауыл шаруашылығы еңбек нарығының теориялық және практикалық жақтары қарастырылып, еңбек нарығын экономиканың ауыл шаруашылығы саласында қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктерімен көрсетілді. Бұл нарықтағы еңбек теңгерімі сұраныс пен ұсынысқа байланысты, ал жұмыс күшіне сұраныс жалақы мөлшерінде көрсетілетін болады. Ауыл шаруашылығындағы еңбек нарығында жұмыс күшіне сұраныс бірқатар факторлар жиынтығымен: елдегі қалыптасқан жұмыс орнының жиынтығымен, оның ұдайы өндіріс құрылымымен, экономикадағы құрылымдық өзгерістермен, мемлекеттік немесе басқа да ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жағдайларының нашарлауымен, экономикалық факторлармен байланыстылығы қарастырылды. Атырау облысындағы экономиканың аграрлық секторында ауыл жастарының жұмыспен қамтылуы төмен жағдайда екендігі, ауыл шаруашылығы салаларында өндірістің құлдырауы және ауылдағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты жастар еңбегін қолдануда қиын мәселелер туындағандығы айтылады. Дегенмен, республика өңіріндегі аймақтардың табиғи экономикалық ерекшеліктеріне байланысты ауыл шаруашылығында еңбек нарығын қалыптастыру және оны реттеу, жұмыс орындарын дамыту және олардың тиімділік мәселелері, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтуға ықпал ететін шағын кәсіпкерлікті дамытудың экономикалық негіздері мен ерекшеліктері әлі де зерттеуді қажет етеді. Мақалада жоғары оқу орындарының көптеген түлектері өз кәсібі бойынша емес жұмысқа орналаспайтындығы айтылған. Жұмыс орындарында кәсіби оқыту және біліктілікті көтеру барлық жерде бірдей емес, ал барларының өзі жоғары деңгейде ұйымдастырылмаған. Көптеген кәсіпорындарда, екіншіше орай, жұмыскерді басқарудың мақсатты жүйесі мүлдем жоқтығы айтылады.

Тірек сөздер: ауыл шаруашылығы, еңбек нарығы, сұраныс, ұсыныс, баға, жұмыспен қамтылу, өзіндік жұмыспен қамтылу, жұмыссыздық, жастар, ауылдық жер.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімді жүйесін қалыптастырудың маңызды шарты техникалық, агрономиялық, экономикалық салада білімі мен дағдылары бар білікті еңбек ресурстарының болуы. Ауыл шаруашылығы саласының негізін қалайтын және оны дамытатын адами фактор ретінде көрінгеніне қарамастан білікті мамандардың жетіспеуі мемлекеттік аграрлық саясатты тежейді. Қазақстанда бұл дамыған шетелдік мемлекеттердегідей өндірісті автоматтандырумен, жаңашылдандырумен байланысты емес, өндірістердің жабылуы және еңбекақының төмен деңгейіне байланысты аграрлық еңбек мәртебесінің түсіп кетуімен түсіндіріледі. Сондықтан ауыл шаруашылығы саласында еңбек нарығының қалыптасуы мен оның дамуы өзекті болып табылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін көбейту, сол арқылы Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ең әуелі ауыл еңбеккерлеріне байланысты. Сондықтан, ауылдық жерлердегі еңбек ресурстарының құрылымы, демографиялық жағдайы, оларды тиімді пайдалану деңгейі, кадрларды қайта даярлау мен оқыту және тағы басқа осыған байланысты мәселелер арнайы қарастыруды қажет етеді. Ауыл шаруашылығында еңбек нарығын реттеу тиімді заңнамалық, ұйымдастыру және әлеуметтік-экономикалық тетіктерін іздестіру күн тәртібінен қалмауы тиіс.

Дамыған және дамушы елдердің тәжірибесін үйренуде жүйелік және нақты тарихи көзқарас ауыл шаруашылығындағы еңбек нарығының қалыптасуының әлеуметтік-экономикалық тұрғыларын жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді, ауыл тұрғындарының жұмыспен қамты-

луын реттеу мен үйлестірудің ұйымдастырушылық және әлеуметтік-экономикалық типтерін өңдеу үшін негіз болып табылады.

Дегенмен, республика өңіріндегі аймақтардың табиғи экономикалық ерекшеліктеріне байланысты ауыл шаруашылығында еңбек нарығын қалыптастыру және оны реттеу, жұмыс орындарын дамыту және олардың тиімділік мәселелері, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтуға ықпал ететін шағын кәсіпкерлікті дамытудың экономикалық негіздері мен ерекшеліктері әлі де зерттеуді қажет етеді.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек нарығының қалыптасуы оның жас, гендерлік, жеке кәсіп бойынша бөлінуінен көрінеді. Ауыл шаруашылығындағы еңбек нарығы да сұраныс пен ұсыныс категорияларына негізделеді. Сұраныс ауыл шаруашылығындағы барлық жиынтық жұмыс берушілердің олардың іс-әрекет көлемі мен қолданатын меншік нысандарына байланыссыз жұмыс күшіне деген жалпы қажеттілік арқылы анықталады, бұл жерде тек олардың әрқайсысы жұмыс күшінің қажеттілігіне барабар өмір сүру қаражат қорына айырбастау үшін жететіндей мүмкіншілігінің болуы міндетті. Бұл жағдайда еңбекақы деңгейі жұмыс күшінің нарықтық бағасының көрінісі. Ауыл шаруашылығында жұмыс күшінің бағасы оның нақты құнына қарағанда әлдеқайда төмен болуымен сипатталады. Осының салдарынан ауыл шаруашылығында жұмыс жасайтын жұмыскердің жұмыс жасауға деген материалдық ынталылығы төмендеп кетті және жұмыс күшінің болуы жаңа техниканы экономикалық жағынан тиімсіз қылды. Бірақ, бұдан әрбір шаруаны міндетті түрде меншік иесі немесе қожа жасау керек деген қорытынды шықпауы керек. Шын мәнінде, көп жағдайда шаруаға оның істеген еңбегіне сай еңбекақы төлесе жеткілікті. Мысалы, Батыс елдерде жұмысшы фермада немесе мемлекеттік кәсіпорындарда бірдей тиімді пайдамен қызмет жасайды. Яғни, әрбір шаруа немесе жұмысшы көбірек тұтынғысы келсе, көбірек жұмыс жасауы керек. Бұл қағида кез келген бірқалыпты жұмыс жасайтын шаруашылық механизмі мен оның субъектілеріне міндетті.

Еңбек нарығындағы тепе-теңдік сұраным мен ұсыным көмегімен бекітіледі. Еңбекке деген сұраным мөлшері еңбекақы мөлшерінен кері байланысты болады [1].

Еңбекақы мөлшері көтерілген кезде ауыл шаруашылық кәсіпорындары нарықтық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жұмыс күшіне сұранымды төмендетуі қажет, ал еңбекақы мөлшері төмендегенде еңбекке сұраным артады. Жұмыс күшінің ұсынысы еңбекақыға тікелей байланыста болады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында еңбекақы жоғары болған жағдайда экономиканың осы саласында жұмыс жасауға мүдделі жұмыскерлердің саны да өседі, өйткені еңбекақының жоғарылығы экономиканың басқа салаларындағы жұмыскерлерді, сонымен бірге бұрын жұмыс жасамағандарды ауыл шаруашылығына тартады және керісінше, еңбекақының төмендігі бұл саладан жұмыскерлердің көптеп кетуіне әкеледі [2].

Ауыл шаруашылығындағы еңбек нарығында жұмыс күшіне сұраныс бірқатар факторлар жиынтығымен: елдегі қалыптасқан жұмыс орнының жиынтығымен, оның ұдайы өндіріс құрылымымен, экономикадағы құрылымдық өзгерістермен, мемлекеттік немесе басқа да ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жағдайларының нашарлауымен, экономикалық факторлармен айқындалады.

Ауыл шаруашылығындағы жұмыс күшінің ұсынысы еңбек нарығының екінші маңызды элементі бола отырып, қандай да бір ауылдық жердегі еңбекке қабілетті халықтың демографиялық-әлеуметтік құрамына, олардың біліміне, кәсіби және біліктілік құрылымына байланысты қалыптасады.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек нарығының өзіндік белгілеріне тоқталатын болсақ, ол халық тығыздығының төмендігінен және аграрлық өндірістің тар мамандану себепті жұмыс орындарының конъюктурасы аграрлық еңбек нарығында да, ауыл еңбек нарығында да шектеулі. Нәтижесінде жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс арасындағы алшақтық күрделене түседі, еңбек ресурстарын пайдалану ауқымы және оның тиімділігі едәуір төмендейді, белгілі бір дәрежеде ауылдағы экономикалық демократизм әрекеті әлсіреп, ауылдықтардың еңбекке деген конституциялық құқықтары шектеледі. Ауылдық жерлердегі жұмыспен қамту құрылымы қаладағы жұмыспен қамтуға қарағанда ерекшеленіп қалыптасуы керек.

Келесі, халықты біркелкі емес орналастыру және аймақтардың даму деңгейі мен мамандандырудағы айырмашылық елдегі еңбек ресурстарының бірдей бөлінбеуін тудырды. Қазақстандық экономистер республика аумақтарындағы өңірлерді үш типке бөліп қарастырады: еңбекке қабілетті халық өсімінің жоғары қарқынды және әлеуметтік инфрақұрылымның, экономиканың қайта өңдейтін салаларының жеткіліксіз дамыған аймақтары; қиын жетіспейтін аймақтар – еңбекке қабілетті халық өсімінің төмен қарқынында экономикалық жағынан дамыған аймақтар; жаңа шаруашылық аймақтары – әлеуметтік-экономикалық дамуының төмен деңгейінде білікті кадрлармен жеткіліксіз қамтамасыз етілген аймақтар [3, б. 41].

Атырау облысы ауыл шаруашылығында қалыптасқан еңбек нарығы экономиканың мемлекеттік секторында жұмысқа тартылғандар үлесінің қысқаруымен және тиісінше, оның мемлекеттік емес секторларында – акционерлік қоғамдарда, бірлескен кәсіпорындарда, шағын бизнесте, шаруа (фермерлік) қожалықтарында ұлғаюымен сипатталады.

Ауыл шаруашылығы еңбек нарығындағы ерекшеліктердің бірі – ауыл тұрғындарының өзіндік жұмыспен қамтылуы. Өзбетінше жұмыспен қамтылғандар үлесі экономикада жұмыспен қамтылудың жалпы санындағы үлесі соңғы төрт жылда кеміп отыр (2013 жылы – 30,6%; 2014 жылы – 28,2%; 2015 жылы – 25,4%; 2016 жылы – 25,8%; 2017 жылы – 24,5; 2018 жылы – 23,9) (кесте 1).

Кесте 1 – Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы саласында жұмыспен қамтылу және өзіндік жұмыспен қамтылу үлесі

Жылдар	Экономикада жұмыспен қамтылғандар саны	Ауыл, орман, балық шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар	Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар саны	Экономикада жұмыспен қамтылудың жалпы санындағы өз бетінше жұмыспен қамтылғандар үлесі, %
2013	8 570,0	2 073,6	2 621,0	30,6
2014	8 510,1	1 605,1	2 400,4	28,2
2015	8 433,3	1 362,9	2 138,4	25,4
2016	8 553,4	1 385,5	2 210,5	25,8
2017	8 585,2	1 319,0	2 099,2	24,5
2018	8 694,98	1 228,2	2 082,5	23,9
2018 ж. 2013ж. салыстырғанда, %	100,2	63,6	80,0%	–

Ескертпе – Қазақстанда жұмыспен қамтылу: статистикалық жинақ. – Астана, 2018: <http://stat.gov.kz>.

Қазіргі кезде Қазақстанда халықты жұмыспен қамту құрылымы да айтарлықтай өзгерді. Республика бойынша материалды өндіріс сферасында жұмыс жасайтындар саны жыл сайын төмендеуде. Соның ішінде 2018 жылы ауыл шаруашылығында жұмыс жасайтындар саны 2010 жылмен салыстырғанда 46,5-ға кеміп, 1228,2 мың адамды құраған (кесте 2, б. 70). Ал, өнеркәсіп саласында жұмыс істейтіндердің саны жыл сайын көбейгенімен жұмыспен қамтылғандардың жалпы санына шаққандағы пайыздың үлесі төмендегенін көруге болады. Материалды өндіріс сферасының басым бөлігінің бірін ауыл шаруашылығы саласы алып отыр. Олай болса, халықты жұмыспен қамту саясаты ең алдымен ауыл шаруашылығын көтеруден бастау қажет.

Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар ішінде шаруа қожалықтарында жұмыс жасайтындар үлесі республика бойынша жоғары емес (2018 жылы 1,1% болған).

Атырау облысы ауыл шаруашылығында шаруа қожалықтарында жұмыспен қамтылғандар динамикасын қарастырсақ, шаруа (фермер) қожалықтарында жұмыс жасайтындардың ауыл шаруашылығындағы жұмыспен қамтылғандар санының үлес салмағы 2010 жылы 18,1% болса, 2011 жылы 0,2%-ға кеміген. Ал 2012 жылы бұл көрсеткіш жоғарылай бастайды, яғни 22,6% құраған, алайда 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда қайта төмендеген, 23,1%-дан

22,4%-ға азайған. 2016–2018 жылдар арасындағы көрсеткіш шамамен тұрақты, Атырау облысы бойынша ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар санындағы шаруа қожалықтарында жұмыспен қамтылғандардың үлесі 22,4%–22,5% аралығында болған (кесте 3). Егер осы жылы тіркелген шаруа қожалықтарының бәрі толықтай жұмыс жасаған болса және олардың әрқайсысында орташа есеппен 3–4 адам қызмет етсе, тек осы шаруа қожалықтарының әрқайсысында мыңдаған адам жұмыспен қамтамасыз етілген болар еді.

Кесте 2 – Қазақстанда негізгі экономикалық қызметтер бойынша жұмыспен қамтылу, мың адам

Экономикалық қызметтер	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2018 жылды 2010 жылмен салыстырғанда, %
Экономикада жұмыспен қамтылған	8 114,2	8 301,6	8 507,1	8 570,6	8 510,1	8 433,3	8 553,4	8 585,2	8 694,98	107,2
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	2 294,9	2 196,1	2 172,7	2 073,6	1 605,1	1 362,9	1 385,5	1 319,0	1 228,2	53,5
Өнеркәсіп	948,8	960,3	1 004,4	1 039,1	1 090,7	1 083,7	1 087,2	1 090,4	1 097,8	115,7
Құрылыс	569,8	614,0	644,5	660,0	678,0	689,5	679,1	614,0	629,1	110,4
Ақпарат және байланыс	109,3	125,7	134,2	132,9	160,1	151,7	160,1	156,1	166,5	152,3
Қаржы және сақтандыру қызметі	104,7	119,2	138,8	138,3	192,6	195,1	180,1	175,0	180,3	172,2
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	139,0	135,6	112,4	105,2	87,5	94,2	114,8	162,5	157,6	113,4
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	149,3	179,4	181,4	182,2	162,0	221,3	240,2	239,1	248,9	166,7
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	167,4	170,4	174,2	174,5	196,4	234,3	255,5	279,7	288,3	172,2
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	376,5	391,9	385,8	402,4	467,7	470,8	472,8	479,3	500,5	132,9
Білім беру	816,3	851,5	892,1	923,2	982,4	1 012,8	1 032,8	1 056,1	1 095,8	134,2
Денсаулық сақтау	370,2	392,4	413,8	424,8	464,0	455,3	469,7	482,4	498,8	134,7
Жұмыссыздардың саны, мың адам	496,5	473,0	474,8	470,7	451,9	454,2	445,5	442,3	443,6	89,3
Жұмыссыздықтың деңгейі, %	5,8	5,4	5,3	5,2	5,0	5,1	5,0	4,9	4,9	84,4
Ескертпе – Қазақстанда жұмыспен қамтылу: статистикалық жинақ. – Астана, 2018: http://stat.gov.kz , http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper/homeNumbersLabor?_afLoop .										

Кесте 3 – Атырау облысы ауыл шаруашылығында шаруа қожалықтарында жұмыспен қамтылғандар динамикасы

Жылдар	Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың саны, мың адам	Оның ішінде шаруа қожалықтарында жұмыспен қамтылғандардың саны, мың адам	Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар санындағы шаруа қожалықтарында жұмыспен қамтылғандардың үлесі, %
2010	20,4	3,7	18,1
2011	20,1	3,6	17,9
2012	13,3	3,0	22,6
2013	11,9	2,8	23,5
2014	12,8	2,4	18,8
2015	10,8	2,5	23,1
2016	10,7	2,4	22,4
2017	8,4	1,9*	22,6
2018	8,0	1,8*	22,5

Ескертпе – Қазақстанда жұмыспен қамтылу: статистикалық жинақ. – Астана, 2018: <http://stat.gov.kz>.

Атырау облысында ауыл шаруашылығы, орман мен балық шаруашылығы саласында жұмыспен қамтылғандар саны республика бойынша салыстырмалы тұрғыда төмен. Және соңғы он жылда бұл көрсеткіш күрт төмендеген, 47%-ға кеміген.

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бері жалғасқан ауылдарда өндіріс көлемінің азаюы, табыс деңгейінің төмендігі, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның құлдырауы, жер мен еңбек ресурстарын, негізгі және айналым құралдарын тиімсіз пайдалану, шаруашылық жүргізу тетіктерінің дұрыс жұмыс жасамауы елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен халықтың тұрмыс жағдайының нашарлауына, әлеуметтік жағдайлардың шиеленісуіне әкелді. Осының барлығының ең негізгі жағымсыз салдарының бірі жұмыссыздықтың өсуі болып табылды.

Қазіргі кезде де облыстағы экономиканың аграрлық секторында ауыл жастарының жұмыспен қамтылуы қиын.

Ауыл шаруашылығы салаларында өндірістің бірден құлдырауы және ауылдағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты жастар еңбегін қолдануда қиын мәселелер туындады.

Экономикадағы жандану кезеңі жұмыс берушілердің тек жоғары білікті жұмысшыларға ғана емес, сондай-ақ мамандарға, кәсіби басқарушыларға қажеттіліктің өсуіне әкелді. Ал, оларды табу оңай емес. Көптеген мамандардың өз ісін жете білушілігі, басқару мәдениеті, психологиялық тұрақтылығы, қиын да қауіпті жағдайларда жұмыс жасай білу жақтары ақсап жатады. Бұрын жасап кеткен кадрларды қайтару кейде мүмкін болмайды – олар жаңа кәсіпорындарға кірген немесе қайта даярлықтан өткен. Ал, басқа аймақтан шақыру – шығынды көп кетіреді, немесе олардың келуі екі талай.

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша кәсіби оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы байланыс тәуелсіздік жылдарының басында үзілгеннен әлі күнге қалпына келген жоқ, ал нарықтық қатынастарға сәйкес келетін байланыстар әлі жасалған жоқ деуге болады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары осы саладағы мамандар даярлайтын кәсіптік-біліктілік стандартты жасауға қатыспайды, оқу орындары өздерінің түлектерін жұмысқа орналастыруда қиыншылықтар көруде. Жоғары оқу орындарының көптеген түлектері өз кәсібі бойынша емес жұмысқа орналасады. Жұмыс орындарында кәсіби оқыту және біліктілікті көтеру барлық жерде бірдей емес, ал барларының өзі жоғары деңгейде ұйымдастырылмаған. Көптеген кәсіпорындарда, өкінішке орай, жұмыскерді басқарудың мақсатты жүйесі мүлдем жоқ.

Қазақстандық еңбек нарығы түрлі секторларда, оның ішінде ауыл шаруашылығы секторында білікті персоналдың тапшылығымен байланысты күрделі мәселені көптен бері шешуде. Ең алдымен бұл техникалық мамандар, ауыл шаруашылығы мамандары мен түрлі деңгейдегі менеджерлерге қатысты. 90-жылдары көптеген мамандар – агрономдар, ветеринарлар басқа салаларға жұмысқа кетті. Ауыл шаруашылығы саласында жұмыс жасайтын жұмыскерлер құрамы қартаюда. Жаңа мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарының саны аз.

Ауыл шаруашылығы саласына дайын кәсіби мамандар қажет. Тағы бір өзекті мәселе, көптеген ауыл шаруашылық аясындағы кәсіпорындар студенттерге тәжірибеден өтуге мүмкіндік беруден бас тартып отыр. Ал онсыз сауатты, білікті маманды даярлау мүмкін емес. Сондықтан, Қазақстанда жұмыс жасап жатырған компаниялардың тәжірибе өтуге қабылдау міндеттілігі заңнамалар деңгейінде бекітілуі тиіс. Еңбек нарығында білікті мамандарға сұранысты қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығы саласы үшін білікті және қажетті мамандарды даярлау бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, оқу орындары арасында нәтижелі өзара әрекеттестікті құру. Өзекті мәселелердің арасында – ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қаражаттары есебінен кадрларды даярлау жүйесін өзгерту, осы қаражаттарды мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігінің сапасын арттыру, ҒЗТҚЖ дамыту мен ҒЗТҚЖ дамытудың нәтижесінде қызметке сәйкес келетін кадрларды даярлау және т.б. мақсаттарда тиімді үлестіру тәсілдерін жетілдіру қажет деп ойлаймыз. Осылардың арқасында оқытудың өзекті мәселелерін шешу бойынша өзара әрекеттестікті жалғастыру, студенттерді өндірістік тәжірибемен қамтамасыз ету, қорыта айтқанда, ауыл шаруашылығы саласында білікті мамандар тапшылығы мәселесі шешілген болар еді.

Сондай-ақ, ауылдағы кәсіпкерлікті қолдау ретінде шағын несиелер берілу қарастырылуы тиіс және қоғамдық жұмыстар бағдарламасын жандандыру керек. Сонымен бұл мақалада ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек нарығын реттеуде бірқатар проблемалар, атап айтқанда, уылдық жерде толық жұмыспен қамту, жұмыссыздықты төмендету, жалдамалы жұмыскер мен жұмыс беруші және кәсіподақ арасындағы, сондай-ақ, жұмыс беруші мен жұмыс беруші мемлекет арасындағы еңбек-әлеуметтік қатынастарды реттеу және т.б. бойынша алыс және жақын шетелдік ғылыми еңбектердің мазмұндылығын қарастырдық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Самуэльсон П.А. Экономика: вводный курс: пер. с англ. – М., 1964. – 605 с.
- 2 Джумамбаев С.К. Рынок труда в казахстанской экономике. – Алматы: Ғылым, 2000. – 138 с.
- 3 Молдашев А.Б., Жарекешов Х.Б., Омаров Н.А. Мейрманов Т.П. Рекомендации по регулированию занятости населения и развитию сельской социальной инфраструктуры. – КАСН КАЗНИИЭОАПК. – Алматы: Б.н., 1996. – 36 с.
- 4 Омаров Н.А., Бойко А.В. Формирование рынка труда и его влияние на занятость сельского населения // Проблемы агрорынка. – 1998. – № 4. – С. 41–45.
- 5 Нұрышев Ғ.Ж. Ауыл тауар өндірушілерін ынталандыру мәселелері. – Алматы: ЖАҚ-тың баспа орталығы, 2000. – 192 б.

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты сельскохозяйственного рынка труда, которые отражены в особенностях формирования рынка труда в сельскохозяйственном секторе. Отмечено, что баланс труда на данном рынке обусловлен спросом и предложением, а спрос на рабочую силу будет отражаться на размере заработной платы. Спрос на рабочую силу на рынке труда в сельском хозяйстве рассмотрен в совокупности таких факторов, как сочетание установленных рабочих мест в стране, регулярной структуры производства, структурных изменений в экономике, ухудшения состояния государственных и других сельскохозяйственных предприятий, и экономических факторов. Отмечается, что в сельскохозяйственном секторе Атырауской области наблюдается низкий уровень занятости сельской молодежи из-за снижения производства в сельскохозяйственном секторе и сокращения числа промышленных предприятий в сельской местности, в результате возникают проблемы с использованием молодежного труда. Однако из-за природных экономических особенностей регионов республики все еще необходимо изучать вопросы формирования и регулирования рынка труда в сельском хозяйстве, развития рабочих мест и их эффективности, экономических основ и особенностей развития малого предпринимательства, которые способствуют занятости в сельском хозяйстве. В статье говорится, что многие выпускники высших учебных заведений не работают по своей профессии. Профессиональная подготовка и профессиональное развитие на рабочих местах повсюду неодинаковы, а если есть, организованы не на самом высоком уровне. К сожалению, многие компании говорят, что целесообразная система управления сотрудниками несовершенна.

Ключевые слова: сельское хозяйство, рынок труда, спрос, предложение, цена, занятость, самозанятость, безработица, молодежь, сельская местность.

Abstract

The article deals with the theoretical and practical aspects of the agricultural labor market and which are reflected in the peculiarities of the formation of the labor market in the agricultural sector. It was said that the balance of labor in the labor market in agriculture is conditioned by supply and demand, and the demand for labor will be reflected in the amount of wages. Demand for labor in the labor market in agriculture was reflected in a combination of factors: a combination of established jobs in the country, its regular production structure, structural changes in the economy, deterioration of the state and other agricultural enterprises and economic factors. It is noted that in the agricultural sector of Atyrau region there is a low level of employment of rural youth, because of the decline in production in the agricultural sector and the reduction in the number of industrial enterprises in rural areas, problems arise with the use of youth labor. However, due to the natural economic peculiarities of the regions of the country, it is still necessary to study the issues of the formation and regulation of the labor market in agriculture, the development of jobs and their effectiveness, the economic foundations and characteristics of small business development that promote employment in agriculture. The article states that many graduates of higher educational institutions do not work in their profession. Vocational training and professional development in the workplace are not the same everywhere, and if there is, they are not organized at the highest level. Unfortunately, many companies say that an expedient employee management system is imperfect.

Key words: agriculture, labor market, demand, supply, price, employment, self-employment, unemployment, youth, rural area.